Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

ӘОЖ 517.956 Қолжазба құқығында

ТӘҢІРБЕРГЕН АЙСҰЛУ КӨБЕЙСІНҚЫЗЫ

Өзгешеленген көпөлшемді эллиптикалық және эллиптико-параболалық теңдеулерге аралас есептер

8D05401 – Математика

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
Физика-математика
ғылымдарының докторы,
профессор Алдашев С.А.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Физика-математика
ғылымдарының докторы,
профессор Кудайбергенов К.К.

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертацияда стандарттарға келесі сілтемелер қолданылды ҚР СОСЕ 5.04.034-2011. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру. Докторантура.

Мемлекеттік стандарт 7.32-2001 (2006 жылғы өзгерістер). Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Ұсыну құрылымы мен ережелері.

Мемлекеттік стандарт 7.1-2003. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар мен ережелер.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

D_α	E_{m+1} Евклид кеңістігінде $\Gamma = \{(x,t)\|x\| = 1\}$ цилиндрімен және $t = \alpha > 0$, $t = 0$ жазықтықтарымен шектелген $(x_1, \dots, x_m, t)$ нүктелерінің цилиндрлік облысы, мұндағы $\|x\| -$ вектор ұзындығы $x = (x_1, \dots, x_m)$;
G	$C([0,1]) \cap C^1((0,1))$ класындағы $\nu(r)$ функцияларының жиыны;
$N^\perp$	Грин формуласы бойынша ∂D_α шекарасына жүргізілген сыртқы нормаль;
$\Omega_{\alpha\beta}$	E_{m+1} евклид кеңістігінде $\Gamma = \{(x,t): \|x\| = 1\}$ цилиндрімен, $t = \alpha > 0$ және $t = \beta < 0$ жазықтықтарымен шектелген цилиндрлік облыс болсын, мұндағы $\|x\|$ – векторының ұзындығы $x = (x_1, \dots, x_m)$;
S	Ω_α және Ω_β облыстарының ортақ шекарасы және ол E_m евклид кеңістігіндегі $\{t = 0, 0 < \|x\| < 1\}$ жиыны;
H	E_m кеңістігіндегі бірлік сфера.

КІРІСПЕ

Диссертациялық жұмыстың жалпы сипаттамасы.

Диссертациялық жұмыс өзгешеленген көп өлшемді эллиптикалық және эллиптико-параболалық теңдеулерге аралас есептердің шешімінің бар және жалғыз болуын, сондай-ақ олардың қисындылығын зерттеуге арналған.

Зерттеудің өзектілігі. Электромагниттік өрістерді математикалық модельдеу кезінде электромагниттік процестің сипаты ортаның қасиеттеріне байланысты екені белгілі. Егер орта тепе-тең күйде болса, онда Гамильтон принципі бойынша көпөлшемді эллиптикалық теңдеулерге келеміз.

Ал егер орта жоғары өткізгіштікке ие болса, онда көпөлшемді параболалық теңдеулер туындайды. Демек, электромагниттік өрістерді күрделі ортада (мысалы, ортаның өткізгіштігі өзгеретін жағдайда) талдау көпөлшемді эллиптико-параболалық теңдеулерді зерттеуге алып келеді [1].

Комплекс айнымалылардың аналитикалық функциялары теориясы әдісімен жазықтықтағы эллиптикалық теңдеулер үшін шекаралық есептердің қисындылығы жақсы зерттелген. Алайда, тәуелсіз айнымалылар саны екіден көп болған жағдайларда ұқсас есептерді зерттеу кезінде принциптік сипаттағы қиындықтар туындайды. Көпөлшемді сингулярлық интегралдық теңдеулердің толық теориясы болмағандықтан, сингулярлық интегралдық теңдеулер әдісі өзінің тиімділігін жоғалтады [2].

Керісінше, көпөлшемді сфералық функциялар теориясы жақсы зерттелген [3-4]. Жалпыланған кеңістіктерде көпөлшемді гиперболалық теңдеулер үшін аралас есептер жақсы қарастырылған [5–8], [9, 10] еңбектерінде бұл есептердің жалғыз классикалық шешімі болатыны дәлелденген. Көпөлшемді эллиптикалық теңдеулер үшін аралас есептер [11] жұмысында қарастырылған.

Алайда, өзгешеленген эллиптикалық және эллиптико-параболалық теңдеулерге арналған аралас есептер әлі де жеткілікті түрде зерттелмеген. Сондықтан, өзгешеленген эллиптикалық және эллиптико-параболалық теңдеулерге арналған аралас есептерді зерттеу – өзекті ғылыми мәселе болып табылады.

Тақырыптың қазіргі жағдайы. Эллиптико-параболалық теңдеулер қолданбалы сипаттағы көптеген маңызды мәселелерді шешу кезінде кездеседі. Бұл теңдеулер фракталдық диффузия кезіндегі толқындық құбылыстарды зерттеуде, газ динамикасы теңдеулерінде, математикалық биологияда, генетикада, медицинада және т.б. пайда болатын өзгешеленген теңдеулер класына жатады.

Эллиптикалық және параболалық типтегі теңдеулер теориясы классикалық еңбектерден бастау алады. Бұл бағыттың негізін қалаушылардың қатарында Hadamard J., Сергей Соболев және Evans L.C. сияқты ғалымдарды атап өтуге болады [12-15].

Өзгешеленген теңдеулерді зерттеу бағыты XX ғасырдың екінші жартысында қарқынды дамыды. Бұл салада коэффициенттердің нөлге айналу жағдайлары қарастырылып, салмақталған кеңістіктер (weighted Sobolev spaces) енгізілді. Мұндай есептерді зерттеуде О. А. Ладыженскаяның еңбектері маңызды рөл атқарды.

Осы бағыттағы алғашқы нәтижелер Ф. И. Франкль, И. Н. Векуа, А. В. Бицадзе еңбектерінде алынған [16,17, 2]. Газ динамикасында мұндай типтегі теңдеулердің маңызды қолданбалары анықталды, беттердің шексіз аз иілу теориясында туындайтын есептерді шешуде аралас типті теңдеулердің маңыздылығы атап өтілді, сондай-ақ аралас типті теңдеулер үшін экстремум принципі тұжырымдалды, одан, атап айтқанда, шешімнің бірмәнділігі туындайды.

Кейіннен бұл нәтижелер К. И. Бабенконың, А. М. Нахушевтің, М. Л. Красновтың, И. А. Киприяновтың, М. С. Салахитдиновтың және Х. Наджафовтың және басқа да ғалымдардың еңбектерінде дамытылды [18-22].

Бөлшек интеграл-дифференциалдау операциясы арқылы сипатталатын аралас типті есептер маңызды рөл атқарады. Аралас типті теңдеулер теориясындағы бөлшектік есептеудің рөлі параболалық өзгешеленген кеңістіктік-бағытталған беттері бар көпөлшемді облыстарда Ф. Трикоми [23] есебінің аналогын іздеу мәселесінің пайда болуымен байланысты. Бұл мәселені А. В. Бицадзе қойған және соңғы жылдары ол қарқынды түрде дамыды.

Өзгешеленген эллиптикалық теңдеулер теориясының дамуына М. В. Келдыштың [24] еңбегі принципті маңызға ие болды. Бұл жұмыс осындай типтегі есептердің одан әрі дамуына бастау болды.

Көпөлшемді осындай есептер жағдайында Г. Фикераның, О. А. Олейниктің, М. И. Вишиктің, С. Г. Михлиннің, және басқа да зерттеушілердің еңбектерін ерекше атап өткен жөн [25-27]. M. Franciosi, A. Alvino, G. Trombetti еңбектерінде тегіс коэффициенттері бар, дивергенциялық емес формадағы эллиптико-параболалық теңдеулер үшін бірінші шекаралық есептің күшті шешімділігі дәлелденген [28, 29]. G. Talenti және V. Iftimie,_ еңбектерінде Кордес типті шарт орындалған жағдайда, үзілісті коэффициенттері бар, дивергенциялық емес формадағы екінші ретті эллиптикалық және параболалық теңдеулер, сондай-ақ әртүрлі типтегі эллиптико-параболалық теңдеулер үшін бірінші шекаралық есептің бірмәнді күшті шешімділігі дәлелденген [30, 31]. Сонымен қатар Л. Ниренбергтің, О. А. Ладыженскаяның, В. А. Солонниковтың, Н. Н. Уральцеваның, Е. М. Ландистің және басқалардың еңбектерін де атап өткен жөн [32-35].

H. Gajewski мен I. V. Skrypnik, P. Benilan мен P. Wittbold еңбектерінде эллиптико-параболалық типтегі теңдеулер жүйелері қарастырылған [36-40].

Т. С. Гаджиев еңбектерінде үзілісті коэффициенттері бар, дивергенциялық емес сызықтық эллиптико-параболалық теңдеулер зерттелген [41, 42].

Эллиптикалық теңдеулерге арналған шекаралық есептер математикалық физикада теориялық маңызға ие. Бұл, ең алдымен, әртүрлі физикалық құбылыстардың (мысалы, тербеліс, жылу өткізгіштік, диффузия және т.б.) стационарлық үдерістерін талдау көбінесе эллиптикалық теңдеулерге алып келетінімен түсіндіріледі. Мұндай теңдеулердің қолданылуына тән мысалдар ретінде қуыс металл түтікшелердегі радиотолқындардың диффузиясы, қуыс резонаторлардағы электромагниттік тербелістер (электротехникада кеңінен қолданылады), сондай-ақ өткізгіштің қимасы бойынша айнымалы электр тогының таралуы (бұл — «беттік әсер» немесе скин-эффект деп аталады) жатады. Бұл есептердің кейбіреулері өзгешеленген эллиптикалық теңдеулерді зерттеу қажеттілігіне әкеледі.

Осыған байланысты соңғы жылдары өзгешеленген эллиптикалық және эллиптико-параболалық теңдеулер үшін шекаралық және аралас есептердің қойылымы мен олардың шешімдерінің қасиеттерін зерттеуге арналған ғылыми еңбектер саны айтарлықтай артты [43-51].

Көпөлшемді жағдайда жалпыланған шешімдерді зерттеу функционалдық кеңістіктер теориясымен тығыз байланысты болып табылады. Атап айтқанда, Соболев және Morrey кеңістіктерінде алынған нәтижелер эллиптикалық және параболалық типтегі теңдеулер үшін шешімдердің бар болуы мен бірегейлілігін дәлелдеуде маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, коэффициенттері үзілісті немесе шектелген тербелісті болатын теңдеулер үшін априорлық бағалар алу және олардың тұрақтылығын зерттеу көптеген ғылыми жұмыстарда қарастырылған [52-67].

Сонымен бірге, өзгешеленген эллиптикалық және эллиптико-параболалық теңдеулер үшін аралас есептердің толық теориясы әлі де жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын атап өткен жөн. Әсіресе, коэффициенттері дегенерацияланатын немесе ерекше нүктелері бар жағдайларда шешімдердің бар болуы, жалғыздығы және орнықтылығы мәселелері өзекті болып қала береді. Осы бағыттағы зерттеулерде жаңа әдістер мен тәсілдер ұсынылып, теориялық нәтижелер одан әрі дамытылуда [68-87].

Бірқатар қолданбалы есептер өзгешеленген эллиптикалық теңдеулерді талдауды талап етеді. Жазықтықтағы эллиптикалық теңдеулер үшін шекаралық есептердің қисындылығы комплекс айнымалының аналитикалық функциялары теориясының әдістері арқылы жақсы зерттелген [7, 31-бет], [8]. Алайда, тәуелсіз айнымалылар саны екіден көп болған жағдайда ұқсас есептерді зерттеу кезінде принципиалды қиындықтар туындайды. Көпөлшемді сингулярлық интегралдық теңдеулер теориясының жеткілікті дамымағандығына байланысты, сингулярлық интегралдық теңдеулер әдісі өзінің тиімділігін жоғалтады.

Бұл жұмыста өзгешеленген эллиптикалық теңдеулерге арналған аралас шекаралық есептің шешімінің бірегейлігі дәлелденіп, классикалық шешімінің айқын түрі алынатын балама әдіс ұсынылады. Бұл есепте Чаплыгин операторы қарастырылады.

Бірінші шекаралық есеп (немесе Дирихле есебі) үшін шекарада ерекшеленетін көпөлшемді эллиптикалық теңдеулер жеткілікті дәрежеде зерттелген [88-93]. С.А. Алдашевтің, өзгешеленген көпөлшемді эллиптикалық теңдеулерге арналған аралас есептер аз зерттелген [88, 174-бет].

Осы жұмыста сфералық функциялар бойынша жіктеу әдісі қолданылып, цилиндрлік облыстағы өзгешеленген көпөлшемді эллиптикалық теңдеуге арналған аралас есептің бірегей шешілетіндігі дәлелденіп, оның классикалық шешімінің айқын түрі алынды.

Екінші реттік эллиптико-параболалық теңдеулердің жалпы түрі үшін бірінші шекаралық есептің (Дирихле есебінің) қойылымын алғаш рет Г. Фикера ұсынған. Бұл есептің одан әрі зерттелуі О.А. Олейник пен Е.В. Радкевичтің монографиясында берілген [26, 8-бет].

С.А. Алдашевтің еңбектерінде көпөлшемді эллиптико-параболалық теңдеулер үшін цилиндрлік облыстағы Дирихле есебінің қисындылығы (бірегей шешілетіндігі мағынасында) зерттелген [94].

Жалпыланған кеңістіктердегі өзгешеленген көпөлшемді гиперболалық теңдеулерге арналған аралас есептер М.Л. Краснов [7, 29-бет] және Ф.Т. Барановский [8, 23-бет] тарапынан зерттелген.

С.А. Алдашев [88, 174-бет] пен С.Г. Михлин [4, 199-бет] өзгешеленген көпөлшемді эллиптикалық теңдеулер үшін мұндай есептердің қисындылығын дәлелдеп, классикалық шешімнің айқын түрін алған.

Қазіргі уақытқа дейін өзгешеленген көпөлшемді эллиптико-параболалық теңдеулер үшін аралас есептер зерттелмеген. Бұл диссертациялық жұмыста өзгешеленген көпөлшемді эллиптико-параболалық теңдеулер үшін аралас есептің бірегей шешілетіндігі көрсетіліп, классикалық шешімнің айқын түрі алынды.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты – өзгешеленген көпөлшемді эллиптикалық және эллиптико-параболалық теңдеулерге арналған аралас есептердің бірмәнді шешілетінін көрсету, сондай-ақ қарастырылып отырған есептердің шешімдеріне тән жаңа сапалық және құрылымдық қасиеттерді анықтау.

Зерттеу міндеттері:

а) өзгешеленген көпөлшемді эллиптикалық теңдеуге арналған аралас есептің қисындылығын көрсету, оның шешімінің бар болатындығын дәлелдеп, шешімнің айқын аналитикалық түрін алу. Көрсетілген есеп шешімінің бірмәнділігін қамтамасыз ететін шарттарды анықтау.

ә) өзгешеленген көпөлшемді эллиптико-параболалық теңдеулер класы үшін аралас есептің қисындылығы дәлелдеу, оның шешімінің бар екенін негіздеу және шешімнің айқын аналитикалық түрін құру. осы теңдеулер класы үшін шешімнің бірмәнділігін дәлелдеу.

б) жалпыланған түрдегі өзгешеленген көпөлшемді эллиптико-параболалық теңдеулерге арналған аралас есепті зерттеу, оның қисындылығы, шешімінің бар және бірмәнділігін дәлелдеу және шешімнің айқын түрін табу.

Зерттеу нысаны - цилиндрлік облыстағы өзгешеленген көпөлшемді эллиптикалық және эллиптико-параболалық теңдеулерге аралас есептер.

Зерттеу пәні - өзгешеленген көпөлшемді эллиптикалық және эллиптико-параболалық теңдеулерге аралас есептер шешімдерін құру мәселелері.

Зерттеу әдістері

Диссертациялық жұмыста Фурье қатарына жіктеу әдісі, арнайы функциялар теориясы және интегралдық теңдеулер әдісі қолданылады.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы

Цилиндрлік облыста қарастырылған өзгешеленген көпөлшемді эллиптикалық және эллиптико-параболалық теңдеулер үшін аралас есептердің бірмәнді шешілетіндігі дәлелденді. Зерттелген есептер үшін шешімдердің айқын аналитикалық түрлері алынды

1. Өзгешеленген көпөлшемді эллиптикалық теңдеулерге аралас есептің шешімінің бар екендігі дәлелденіп, оның аналитикалық түрі алынды, қисындылығы көрсетілді;
2. Өзгешеленген көпөлшемді эллиптикалық теңдеулерге аралас есептің шешімінің жалғыз болатындығы дәлелденді;
3. Эллиптико-параболалық теңдеулердің бір класы үшін аралас есептің қисындылығы көрсетілді, шешімінің бар болатындығы дәлелденді және бұл есептің айқын шешімі алынды;
4. Эллиптико-параболалық теңдеулердің бір класы үшін аралас есептің шешімінің жалғыздығы дәлелденді;
5. Өзгешеленген көпөлшемді эллиптико-параболалық теңдеулерге аралас есептің шешімінің бар болатындығы дәлелденді және оның айқын шешімі алынды, қисындылығы көрсетілді;
6. Өзгешеленген көпөлшемді эллиптико-параболалық теңдеулерге аралас есептің шешімінің жалғыздығы анықталды.

Қорғауға шығарылатын негізгі нәтижелер

– өзгешеленген көпөлшемді эллиптикалық теңдеулерге аралас есептің қисындылығы, шешімінің бар болуы, оның аналитикалық түрі және шешімінің жалғыздығы;

– өзгешеленген көпөлшемді эллиптико-параболалық теңдеулердің бір класы үшін аралас есептің қисындылығы, шешімінің бар болуы, айқын шешімі және шешімінің жалғыздығы;

– өзгешеленген көпөлшемді эллиптико-параболалық теңдеулерге аралас есептің қисындылығы, шешімінің бар болуы, оның айқын шешімі және шешімінің жалғыздығы.

Алынған нәтижелердің сенімділігі мен негізділігі барлық келтірілген теоремалар мен тұжырымдардың функционалдық анализ, дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер теориясы және арнайы функциялар теориясының қағидаттарына негізделген қатаң математикалық дәлелдеулерімен расталады. Жұмыста сфералықлық функциялар бойынша Фурье қатарына жіктеу, Бессель функцияларын қолдану сияқты дәстүрлі және сыналған аналитикалық әдістер пайдаланылды. Зерттеу нәтижелері логикалық тұрғыда үйлесімді, жекелеген жағдайларды да, жалпыланған түрлерді де қамтиды.

Сонымен қатар, диссертацияның негізгі тұжырымдары халықаралық ғылыми конференцияларда апробациядан өткен және рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланған, бұл алынған нәтижелердің ғылыми дәлдігі мен сенімділігін растайды.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы

Жұмыс негізінен теориялық сипатта. Алынған нәтижелер өзгешеленген көпөлшемді эллиптикалық және эллиптико-параболалық теңдеулерге локалдық және локалдық емес шекаралық есептерді зерттеу барысында қолданылуы мүмкін.

Жұмыста алынған шешімдер газ динамикасы, механика, биология, физика, экономика және басқа да салалардағы есептердің сандық моделдерін талдау кезінде пайдалануға болады.

Автордың жеке үлесі

Диссертациялық жұмыста ұсынылған барлық негізгі нәтижелер тікелей автордың өзі тарапынан алынған. Зерттеліп отырған аралас есептердің қойылымы, оларды талдау әдістерінің таңдалуы, шешімдердің қисындылығы, шешімінің бар және жалғыз болуының математикалық дәлелдеулері автордың өзімен орындалды.

Автор тарапынан сфералықлық функциялар мен Бессель функциялары арқылы жіктеу әдістерін пайдалана отырып, есептердің аналитикалық шешімдері алынды.

Диссертацияда ұсынылған әдістер мен тәсілдер автордың ғылыми мақалаларында жарияланған нәтижелерінің қисынды жалғасы мен дамуы болып табылады. Бұл нәтижелер әртүрлі деңгейдегі ғылыми конференцияларда апробациядан өткен. Жұмысты орындау барысында автор ғылыми әдебиеттерге талдау жүргізіп, теориялық тұжырымдарды, теоремалардың дәлелдерін және диссертация мәтінін толықтай өз бетінше әзірледі.

Жұмысты апробациялау. Жұмыстың негізгі нәтижелері келесі іс-шараларда баяндалды және талқыланды:

– «Дифференциалдық теңдеулер, анализ және алгебра мәселелері» тақырыбында Халықаралық ғылыми конференция. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті. Ақтөбе, Қазақстан (24-28 мамыр 2022 ж.);

– «Дифференциалдық теңдеулер, анализ және алгебра проблемалары» физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті академигі К.К.Кенжебаевтың 70 жас мерейтойына арналған Халықаралық ғылыми семинар. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті. Ақтөбе, Қазақстан (20 қаңтар 2023 ж.);

– Қазақстан Республикасының Ғылым айына арналған сәуір айындағы дәстүрлі халықаралық ғылыми конференция. Математика және математикалық моделдеу институты. Алматы, Қазақстан (сәуір 2024 ж.);

Жарияланымдар. Диссертация тақырыбы бойынша 9 жұмыс жарияланды, оның ішінде Scopus базасында индекстелетін рейтингтік ғылыми журналда 3 жарияланым [95-97], ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми нәтижелерді жариялау тізіміне енетін ғылыми басылымдарда 2 мақала [98, 99], ғылыми журналда – 1 мақала [11], халықаралық конференциялар мен семинарлар материалдарында 3 мақала жарияланды [100-102].

Диссертацияның құрылымы мен көлемі. Диссертациялық жұмыс қазақ тілінде жазылған және кіріспеден, үш бөлімнен тұрады. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 115 библиографиялық дереккөзден тұрады, жұмыс құрамында 2 сурет бар. Формулалардың нөмірленуі 2 таңбалы бірінші сан бөлім нөмірін, екіншісі формуланың меншікті нөмірін білдіреді. Теоремалар, леммалар бүкіл диссертация шегінде нөмірленеді. Диссертацияның жалпы көлемі - 91 бетті құрайды.

Диссертацияның қысқаша мазмұны.

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Әрбір бөлім өз кезегінде бірнеше бөлімшелерге бөлінген.

Диссертацияның бірінші бөлімінде өзгешеленген көпөлшемді эллиптикалық теңдеулерге аралас есептер қарастырылады.

1.1 – бөлімшеде көпөлшемді эллиптикалық теңдеулерге аралас есептің қойылымы қойылады.

Айталық, $D_\alpha - E_{m+1}$ Евклид кеңістігінде $\Gamma = \{(x,t)|x| = 1\}$ цилиндрімен және $t = \alpha > 0$, $t = 0$ жазықтықтарымен шектелген $(x_1, \dots, x_m, t)$ нүктелерінің цилиндрлік облысы, мұндағы $|x| -$ вектор ұзындығы $x = (x_1, \dots, x_m)$.

Осы беттердің D_α облысының ∂D_α шекарасын құрайтын бөліктерін сәйкесінше $\Gamma_\alpha, S_\alpha, S_0$ деп белгілейік.

1–анықтама. $D \subset R^n$ – ашық облыс, ал $\Gamma - D$ облысының шекарасы болсын. D облысында $a_{ij}(x)$, $b_j(x)$, $c(x)$ функциялары анықталған. Екінші ретті дифференциалдық операторды L арқылы келесі түрде анықталық

$$Lu = \sum_{i=1}^{n}\sum_{j=1}^{n} a_{ij}(x)\frac{\partial^2 u}{\partial x_i \partial x_j} + \sum_{j=1}^{n} b_j(x)\frac{\partial u}{\partial x_j} + c(x)u.$$

Егер

$$\sum_{i=1}^{n}\sum_{j=1}^{n} a_{ij}(x)\ \xi_i \xi_j$$

квадраттық формасы D облысының әрбір нүктесінде кез келген $\xi \in R^n$ үшін анықталған болса, дифференциалдық L операторы эллиптикалық деп аталады.

D_α облысында өзара байланысқан өзгешеленген көпөлшемді эллиптикалық теңдеулерді қарастырайық

$$Lu \equiv g(t)\Delta_x u + u_{tt} + \sum_{i=1}^{m} a_i(x,t)u_{x_i} + b(x,t)u_t + c(x,t)u = 0, \qquad (0.1)$$

$$L^{*}\vartheta \equiv g(t)\Delta_x\vartheta + \vartheta_{tt} - \sum_{i=1}^{m} a_i\vartheta_{x_i} - b\vartheta_t + c\vartheta = 0, \qquad (0.1^{*})$$

мұндағы $g(t) > 0$ және $t > 0,\ g(0) = 0,\ g(t) \in C([0,\alpha]) \cap C^2\big((0,\alpha)\big),\ \Delta_x$- Лаплас операторы $x_1, \dots, x_m,\ m \geq 2,\ d(x,t) = \mathrm{c} - \sum_{i=1}^{m} a_{ix_i} - b_t$.

Аралас есеп ретінде 0.1 - есепті қарастырайық.

Есеп 0.1. D_α облысында $C^1(\overline{D}_\alpha) \cap C^2(D_\alpha)$ класынан

$$Lu \equiv g(t)\left(u_{rr} + \frac{m-1}{r}u_{rr} - \frac{\delta u}{r^2}\right) + u_{tt} + \sum_{i=1}^{m} a_i(r,\theta,t)u_{x_i} + b(r,\theta,t)u_t + \qquad (0.1_1)$$

$$+c(r,\theta,t)u = 0.$$

$$u|_{S_0} = \tau(r,\theta), \quad u_t|_{S_0} = \nu(r,\theta), \quad u|_{\Gamma_\alpha} = \psi(t,\theta), \qquad (0.2)$$

шектік шарттарын қанағаттандыратын (0.1_1) теңдеуінің шешімін табу керек, мұндағы $\tau(1,\theta) = \psi(0,\theta),\ \nu(1,\theta) = \psi_t(0,\theta)$.

Лемма 0.1. Айталық, $f(r,\theta) \in W_2^l(S_0)$. Егер $l \geq m - 1$, онда қатар

$$f(r,\theta) = \sum_{n=0}^{\infty}\sum_{k=1}^{k_n} f_n^k(r)Y_{n,m}^k(\theta), \qquad (0.3)$$

сонымен бірге, $p \leq l - m + 1$ ретті дифференциалдау арқылы одан алынған қатар абсолютті және бірқалыпты жинақталады.

Лемма 0.2. $f(r,\theta) \in W_2^l(S_0)$ болу үшін, (0.3) қатарындағы коэффициенттер келесі теңсіздіктерді қанағаттандыруы қажетті және жеткілікті шарт болып табылады

$$|f_0^1(r)| \leq c_1, \quad \sum_{n=1}^{\infty}\sum_{k=1}^{k_n} n^{2l}\left|f_n^k(r)\right|^2 \leq c_2, \quad c_1, c_2 = \mathrm{const}$$

1.2–бөлімшеде өзгешеленген көпөлшемді эллиптикалық теңдеуге аралас есептің қисындылығы қарастырылып теорема дәлелденеді.

D_α облысында (0.1) теңдеудегі қосымша мүшелері 0-ге тең болғандағы жағдайда, өзгешеленген көпөлшемді эллиптикалық теңдеуді қарастырайық:

$$g(t)\Delta_x u + u_{tt} = 0, \qquad (0.4)$$

(0.4) теңдеуі сфералық координаталарда келесі түрде болады:

$$g(t)\left(u_{rr}+\frac{m-1}{r}u_r-\frac{1}{r^2}\delta u\right)+u_{tt}=0,$$

Есеп 0.1.1. D_α облысында $C^1(\overline{D}_\alpha)\cap C^2(D_\alpha)$ класынан келесі эллиптикалық теңдеудің

$$g(t)\left(u_{rr}+\frac{m-1}{r}u_r-\frac{1}{r^2}\delta u\right)+u_{tt}=0, \tag{0.5}$$

шекаралық шарттарды (0.2)

$$u|_{S_0}=\tau(r,\theta), u_t|_{S_0}=\nu(r,\theta), u|_{\Gamma_\alpha}=\psi(t,\theta),$$

қанағаттандыратын шешімді табу керек, мұндағы δ–екінші ретті дифференцалды оператор,

$$\delta\equiv-\sum_{j=1}^{m-1}\frac{1}{g_j sin^{m-j-1}\theta_j}\frac{\partial}{\partial\theta_j}\left(sin^{m-j-1}\theta_j\frac{\partial}{\partial\theta_j}\right)$$

$$g_1=1,\ g_j=\left(sin\theta_1\dots sin\theta_{j-1}\right)^2, j>1.$$

δ операторының спектрі.

0.1-есептің ізделетін шешімі $C^1(\overline{D}_\alpha)\cap C^2(D_\alpha)$ класына тиесілі болғандықтан, 0.1.1- есептің де шешімін келесі түрде іздеуге болады

$$u(r,\theta,t)=\sum_{n=0}^{\infty}\sum_{k=1}^{k_n}\bar{u}_n^k(r,t)Y_{n,m}^k(\theta), \tag{0.6}$$

(0.6)-ны в (0.5)-ке қойып және $Y_{n,m}^k(\theta)$ сфералық функцияларының ортогоналдығын қолдана отырып, келесіні аламыз

$$g(t)\left(\bar{u}_{nrr}^k+\frac{m-1}{r}\bar{u}_{nr}^k+\frac{\lambda_n}{r^2}\bar{u}_n^k\right)+\bar{u}_{ntt}^k=0, k=\overline{1,k_n}, n=0,1,\dots \tag{0.7}$$

мұндағы (0.2) шектік шарты 0.1 лемманы ескере отырып, келесі түрде жазылады

$$\bar{u}_n^k(r,0)=\bar{\tau}_n^k(r), \bar{u}_{nt}^k(r,0)=\bar{\nu}_n^k(r), \bar{u}_n^k(1,t)=\psi_n^k(t), k=\overline{1,k_n}, n=0,1,\dots. \tag{0.8}$$

(0.7), (0.8) теңдіктерде $\bar{\vartheta}_n^k(r,t)=\bar{u}_n^k(r,t)-\psi_n^k(t)$ айнымалыларын ауыстыру арқылы аламыз

$$g(t)\left(\bar{\vartheta}_{nrr}^k+\frac{m-1}{r}\bar{\vartheta}_{nr}^k-\frac{\lambda_n}{r^2}\bar{\vartheta}_n^k\right)-\bar{\vartheta}_{ntt}^k=\bar{f}_n^k(r,t) \tag{0.9}$$

$$\bar{\vartheta}_n^k(r,0) = \tau_n^k(r), \bar{\vartheta}_{nt}^k(r,0) = \nu_n^k(r), \bar{\vartheta}_n^k(1,t) = 0, k = \overline{1,k_n}, n = 0,1,\dots, \quad (0.10)$$

$\bar{\vartheta}_n^k(r,t) = r^{\frac{(1-m)}{2}}\vartheta_n^k(r,t)$ ауыстыруын орындай отырып, (0.9), (0.10) есептерін келесі есепке келтіреміз

$$L\vartheta_n^k \equiv g(t)\left(\vartheta_{nrr}^k + \frac{\bar{\lambda}_n}{r^2}\vartheta_n^k\right) + \bar{\vartheta}_{ntt}^k = f_n^k(r,t), \quad (0.11)$$

$$\vartheta_n^k(r,0) = \tilde{\tau}_n^k(r), \vartheta_{nt}^k(r,0) = \tilde{\vartheta}_n^k(r), \vartheta_n^k(1,t) = 0, \quad (0.12)$$

(0.11), (0.12) есептерінің шешімін келесі түрде іздейміз

$$\vartheta_n^k(r,t) = \vartheta_{1n}^k(r,t) + \vartheta_{2n}^k(r,t), \quad (0.13)$$

мұндағы $\vartheta_{1n}^k(r,t)$ – есептің шешімі

$$L\vartheta_{1n}^k = f_n^k(r,t), \quad (0.14)$$

$$\vartheta_{1n}^k(r,0) = \vartheta_{1nt}^k(r,0) = 0,\ \vartheta_{1n}^k(1,t) = 0, \quad (0.15)$$

Ал, $\vartheta_{2n}^k(r,t)$ – келесі есептің шешімі

$$L\vartheta_{2n}^k = 0, \quad (0.16)$$

$$\vartheta_{1n}^k(r,0) = \tilde{\tau}_n^k(r),\ \vartheta_{2nt}^k(r,0) = \tilde{\nu}_n^k(r),\ \vartheta_{2n}^k(1,t) = 0. \quad (0.17)$$

Жоғарыда көрсетілген (0.14), (0.16) теңдеулердің шешімін келесі түрде қарастырамыз

$$\vartheta_n^k(r,t) = \sum_{l=1}^{\infty} R_l(r)T_l(t), \quad (0.18)$$

мұндағы,

$$f_n^k(r,t) = \sum_{l=1}^{\infty} a_{l,n}^k(t)R_l(r), \tilde{\tau}_n^k(r) = \sum_{l=1}^{\infty} b_{l,n}^k R_l(r), \tilde{\nu}_n^k(r) = \sum_{l=1}^{\infty} e_{l,n}^k R_l(r). \quad (0.19)$$

(0.18) теңдеуді (0.14) және (0.15) теңдеулерге (0.19)-ды ескере отырып, қойсақ, аламыз

$$R_{lrr} + \frac{\bar{\lambda}_n}{r^2}R_l + \mu R_l = 0, 0 < r < 1, R_l(1) = 0, |R_l(0)| < \infty, \quad (0.20)$$

$$T_{ltt}-\mu g(t)T_l(t)=a_{l,n}(t), 0<t<\alpha, \tag{0.21}$$

$$T_l(0)=0, T_{lt}(0)=0. \tag{0.22}$$

(0.20) есебінің шектеулі шешімі болып (0.23) табылады

$$R_l(r)=\sqrt{r}J_\nu(\mu_{l,n}r), \tag{0.23}$$

мұндағы $\nu=\frac{n+m-2}{2}$, $\mu=\mu_{l,n}$ – бірінші текті $J_\nu(z), \mu=\mu_{l,n}^2$ Бессель функциясының нөлдері.

(0.21), (0.22) есептері $T_l(t)$ функциясына қатысты екінші текті Вольтерра интегралдық теңдеуіне келтіріледі, демек бұл теңдеудің шешімі бар және жалғыз:

$$T_{l,n}(t)-\mu_{l,n}^2\int_0^t(t-\xi)g(\xi)\,T_{l,n}(\xi)d\xi=\int_0^t(t-\xi)a_{l,n}^k(\xi)d\xi, \tag{0.24}$$

Фурье-Бессель қатарларының жіктелуін ескере отыра, Бессель функциясының оң таңбалы нөлдерін қолданып (0.0.1) есептің шешімін келесі түрде аламыз:

$$u(r,\theta,t)=\sum_{n=0}^{\infty}\sum_{k=1}^{k_n}\left\{\psi_n^k(r)+r^{\frac{(1-m)}{2}}\left[\vartheta_{1n}^k(r,t)+\vartheta_{2n}^k(r,t)\right]\right\}Y_{n,m}^k(\theta), \tag{0.25}$$

мұндағы

$$\vartheta_{1n}^k(r,t)=\sum_{l=1}^{\infty}\sqrt{r}\,T_{l,n}(r)J_\nu(\mu_{l,n}r),$$

$$\vartheta_{ln}^k(r,t)=\sum_{l=1}^{\infty}\sqrt{r}V_{l,n}(t)\,J_\nu(\mu_{l,n}r),$$

$$a_{l,n}^k(t)=2\left[J_{\nu+1}(\mu_{l,n})\right]^{-2}\int_0^1\sqrt{\xi}f_n^k(\xi,t)\,J_\nu(\mu_{l,n}\xi)d\xi,$$

$$b_{l,n}^k(t)=2\left[J_{\nu+1}(\mu_{l,n})\right]^{-2}\int_0^1\sqrt{\xi}\tilde{\tau}_n^k(\xi)\,J_\nu(\mu_{l,n}\xi)d\xi,$$

$$e_{l,n}^k=2\left[J_{\nu+1}(\mu_{l,n})\right]^{-2}\int_0^1\sqrt{\xi}\tilde{\nu}_n^k(\xi)\,J_\nu(\mu_{l,n}\xi)d\xi,$$

Теорема 0.1 Егер (0.2) шекаралық шарттарындағы берілген функциялар үшін, 0.1 және 0.2-леммаларда көрсетілген шарттар орындалса, онда (1.5) теңдеуі үшін қойылған 0.1 аралас есептің D_α облысында $C^1(\overline{D}_\alpha) \cap C^2(D_\alpha)$ класына класына тиесілі жалғыз шешімі бар болады.

Ол шешім (0.25) түрінде беріледі және келесі бағалау орындалады:

$$k_n \le c_1 n^{m-2}, \left|\frac{\partial^l}{\partial\theta_j^l} Y_{n,m}^k(\theta)\right| \le c_2 n^{\frac{m}{2}-1+l}, j=\overline{1,m-1}, l=0,1,\dots . \quad (0.26)$$

1.3 – бөлімшеде аралас есеп шешімінің бар болуы және жалғыздығы дәлелденеді.

Аралас есеп ретінде 0.1 есепті қарастырып, оның шешімінің бар екендігін көрсетеміз.

Теорема 0.2. Егер $\tau(r,\theta)$, $\nu(r,\theta) \in W_2^l(S_0), \psi(t,\theta) \in W_2^l(\Gamma_\alpha), l > \frac{3m}{2}$, онда 0.1- есептің жалғыз шешімі болады.

Дәлелдеу. 0.1 есептің ізделінді шешімін келесі түрде іздейміз

$$u(r,\theta,t) = \sum_{n=0}^{\infty}\sum_{k=1}^{k_n} \bar{u}_n^k(r,t)\, \mathrm{Y}_{n,m}^k(\theta), \quad (0.27)$$

(0.27) теңдігінің шешімі (0.1_1)-ге қойып, алынған өрнекті H бірлік сферасы бойынша интегралдай отырып дифференциалдық теңдеудің шексіз жүйесін қарастырып және 0.1-лемманы ескере отырып

$$\rho_0^1 g(t)\bar{u}_{0rr}^1 + \rho_0^1\bar{u}_{0tt}^1 + \frac{m-1}{r} g(t)\rho_0^1\bar{u}_{0r}^1 = 0,$$

$$\rho_1^k g(t)\bar{u}_{1rr}^k + \rho_1^k\bar{u}_{1tt}^k + \frac{m-1}{r} g(t)\rho_1^k\bar{u}_{1r}^k - \frac{\lambda_1}{r^2} g(t)\rho_1^k\bar{u}_1^k =$$
$$= -\frac{1}{k_1}\left(\sum_{i=1}^{m} a_{i0}^1\bar{u}_{0r}^1 + \tilde{b}_0^1\,\bar{u}_{0t}^1 + \tilde{c}_0^1\bar{u}_0^1\right), n=1, k=\overline{1,k_1},$$

$$\rho_n^k g(t)\bar{u}_{nrr}^k + \rho_n^k\bar{u}_{ntt}^k + \frac{m-1}{r} g(t)\rho_n^k\bar{u}_{nr}^k - \frac{\lambda_n}{r^2} g(t)\rho_n^k\bar{u}_n^k =$$

$$= -\frac{1}{k_1}\sum_{k=1}^{k_n-1}\left\{\sum_{i=1}^{m} a_{in-1}^k\bar{u}_{n-1r}^k + \tilde{b}_{n-1}^k\bar{u}_{n-1t}^k + \right.$$
$$\left. + \left[\tilde{c}_{n-1}^k + \sum_{i=1}^{m}\left(\tilde{a}_{in-2}^k - (n-1)a_{in-1}^k\right)\right]\bar{u}_{n-1}^k\right\}$$

0.1 есептегідей ауыстырулар енгізе отырып Бессель функциясының нөлдері мен Вольтердің екінші текті интегралдық теңдеуіне келтіріледі

$$T_{s,n}(t)-\mu_{s,n}^2\int_0^t (t-\xi)g(\xi)T_{s,n}(\xi)d\xi = \int_0^t (t-\xi)a_{ns}(\xi)d\xi$$

бұл теңдеудің шешімі бар және ол жалғыз болады.

$$a_{ns}^k(t) = 2\left[J_{\nu+1}\left(\mu_{s,n}\right)\right]^{-2}\int_0^1 \sqrt{\xi}\,\tilde{f}_n^k(\xi,t)J_\nu\left(\mu_{s,n}\xi\right)d\xi, \tag{0.28}$$

$$b_{ns}^k = 2\left[J_{\nu+1}\left(\mu_{s,n}\right)\right]^{-2}\int_0^1 \sqrt{\xi}\,\tilde{\tau}_n^k(\xi)J_\nu\left(\mu_{s,n}\xi\right)d\xi,$$

$$e_{ns}^k = 2\left[J_{\nu+1}\left(\mu_{s,n}\right)\right]^{-2}\int_0^1 \sqrt{\xi}\,\tilde{\nu}_n^k(\xi)J_\nu\left(\mu_{s,n}\xi\right)d\xi, \tag{0.29}$$

0.1-анықтамаға сәйкес Фурье-Бессел қатарларына жіктелуі өсу реті бойынша Бессель функциясының оң таңбалы нөлдері болады.

Сонымен, D_α облысында келесі теңдіктер орын алады

$$\int_H \rho(\theta)LudH = 0. \tag{0.30}$$

$$\int_{D_\alpha} f(r,\theta,t)LudD_\alpha = 0$$

Осылайша, 0.1-есептің шешімі келесі қатар түрдінде жазылады

$$u(r,\theta,t) = \sum_{n=0}^{\infty}\sum_{k=1}^{k_n}\left\{\psi_n^k(t) + r^{\frac{(1-m)}{2}}\left[\vartheta_{1n}^k(r,t)+\vartheta_{2n}^k(r,t)\right]\right\}Y_{n,m}^k(\theta), \tag{0.31}$$

1.2 бөлімшесіндегі 0.0.1 есеп үшін алынған нәтижелерді, бағалауларды қолданып, сонымен қатар 0.1 және 0.2 леммаларды, берілген (0.0.1)-теңдеудің коэффициенттеріне қойылған шектеулерді ескерсек (0.31) шешімі $C^1(\bar{D}_\alpha)\cap C^2(D_\alpha)$ класында өзгешеленген көпөлшемді эллиптикалық теңдеулерге аралас 0.1-есептің шешімінің бар екендігі дәлелденді.

Өзгешеленген көпөлшемді эллиптикалық теңдеулерге аралас есеп шешімінің жалғыздығын дәлелдеу үшін алдымен (0.1*) теңдеуі үшін келесі шарттармен шекаралық есептің шешімін құрылады.

$$\vartheta|_{\Gamma_\alpha}=0, \vartheta|_{s_\alpha}=0,\ \vartheta_t|_{s_\alpha}=\nu(r,\theta)=\bar{\nu}_n^k(r)Y_{n,m}^k(\theta), k=\overline{1,k_n}, n=0,1,\dots, \tag{0.32}$$

мұндағы $\bar{v}_n^k(r) \in G, G-\ C([0,1]) \cap C^1\big((0,1)\big)$ класындағы $\nu(r)$ функцияларының жиыны. G жиыны $L_2\big((0,1)\big)$ кеңістігінің барлық жерінде тығыз болып табылады.

(0.1*) және (0.32) есептерінің шешімін (0.27) түрінде іздесек онда ол (0.31) қатар түрінде құрылады және (0.26) бағалауларына сәйкес $\mathrm{C}^1(\bar{D}_\alpha) \cap C^2(D_\alpha)$ класына жатады.

Түйіндес L, L^* операторларының анықтамасына сәйкес келесі теңдеу алынады

$$\vartheta L u - u L^* \vartheta = -\vartheta P(u) + u P(\vartheta) - u\vartheta Q,$$

(0.2) біртекті шарттар мен (0.32) шарттарды ескерсек келесі формуланы аламыз

$$\int\limits_{S_\alpha} \nu(r,\theta) u(r,\theta,\alpha) ds = 0.$$

$\left\{\bar{v}_n^k(r) Y_{n,m}^k(\theta)\right\}$ функциялар жүйесінің сызықтық қабықшасы $L_2(S_\alpha)$ кеңістігінде тығыз орналасқандықтан интеграл үшін $u(r,\theta,\alpha) = 0,\ \ \forall (r,\theta) \in S_\alpha$ деген қорытынды шығарамыз.

Онда есепті нөлдік шешімі бар келесі Дирихле есебіне келтіру жолдары көрсетіледі.

$$Lu = 0, \qquad u\Big|_{S_0} = 0, \quad u\Big|_{\Gamma_\alpha} = 0, \qquad u\Big|_{S_\alpha} = 0,$$

Демек, шешімнің жалғыздығы, яғни, 0.2 теорема дәлелденді.

2 – бөлімде өзгешеленген көпөлшемді эллиптико-параболалық теңдеулердің бір класы үшін аралас есеп қарастырылады.

2.1 – эллиптико-параболалық теңдеулердің бір класы үшін аралас есептің қойылымы қойылады.

Айталық, $\Omega_{\alpha\beta}$ – E_{m+1} евклид кеңістігінде $\Gamma = \{(x,t) \colon |x| = 1\}$ цилиндрімен, $t = \alpha > 0$ және $t = \beta < 0$ жазықтықтарымен шектелген цилиндрлік облыс болсын, мұндағы $|x|$ – векторының ұзындығы $x = (x_1, \dots, x_m)$.

$\Omega_{\alpha\beta}$ облысының бөліктерін Ω_α және Ω_β арқылы, ал $\Gamma_\alpha, \Gamma_\beta$ – арқылы $t > 0$ және $t < 0$ жартылай кеңістігінде жатырған Γ бетінің бөліктерін; $\Omega_{\alpha\beta}$ облысының жоғарғы табанын – σ_α, ал төменгі табанын – σ_β арқылы белгілейік .

S – Ω_α және Ω_β облыстарының ортақ шекарасы және ол E_m евклид кеңістігіндегі $\{t = 0, 0 < |x| < 1\}$ жиыны болсын.

$\Omega_{\alpha\beta}$ облысында келесі өзгешеленген көпөлшемді эллиптико-параболалық теңдеулерді қарастырайық

$$0=\begin{cases} t^q\Delta_x u-u_t+\sum_{i=1}^{m}d_i(x,t)u_{x_i}+e(x,t)u, t>0 \\ |t|^p\Delta_x u+u_{tt}+\sum_{i=1}^{m}a_i(x,t)u_{x_i}+b(x,t)u_t+c(x,t)u, t<0, \end{cases} \quad (0.33)$$

$p, q = const,\ p>0,\ q\geq 0,\ ,\Delta_x\ -\ x_1,\dots,x_m, m\geq 2$ айнымалылары бойынша Лаплас операторы.

Аралас есеп ретінде келесі есепті қарастырамыз.

Есеп 0.2. (00.1_1) теңдеудің $\Omega_{\alpha\beta}$ облысында $t\neq 0$ үшін $C(\overline{\Omega}_{\alpha\beta})\cap C^1(\Omega_{\alpha\beta})\cap C^2(\Omega_\alpha\cup\Omega_\beta)$ класынан келесі шекаралық шарттарды қанағаттандыратын шешімін табу керек

$$L_1u\equiv t^q\left(u_{rr}+\frac{m-1}{r}u_r-\frac{1}{r^2}\delta u\right)-u_t+$$

$$+\sum_{i=1}^{m}d_i\,(r,\theta,t)u_{x_i}+e(r,\theta,t)u=0 \quad (0.0.1_1)$$

$$u\Big|_{\sigma_\alpha}=\varphi(r,\theta)\ ,\ u\Big|_{\Gamma_\alpha}=\psi_1(t,\theta), \quad (0.34)$$

$$u\Big|_{\Gamma_\beta}=\psi_2(r,\theta), \quad (0.35)$$

2.2–бөлімшеде эллиптико-параболалық теңдеулердің бір класы үшін аралас есептің қисындылығы, шешімінің құрылымы көрсетіледі. Осы бөлімшедеде $\Omega_{\alpha\beta}$ облысында келесі өзгешеленген көпөлшемді эллиптико-параболалық теңдеу қарастырылады

$$0=\begin{cases} t^q\Delta_x u-u_t, t>0 \\ |t|^p\Delta_x u+u_{tt}, t<0. \end{cases} \quad (0.36)$$

Есеп 0.2.1 **с**фералық координаталарда (0.36) теңдеу Ω_α облысында келесі түрде жазылады

$$t^q\left(u_{rr}+\tfrac{m-1}{r}u_r-\tfrac{1}{r^2}\delta u\right)-u_t=0 \quad (0.37)$$

0.2 есептің ізделінді шешімі Ω_α облысында $C(\overline{\Omega}_\alpha)\cap C^2(\Omega_\alpha)$ классына жататындықтан, 0.2.1 есептің шешімін келесі түрде іздейміз

$$u(r,\theta,t)=\sum_{n=0}^{\infty}\sum_{k=1}^{k_n}\bar{u}_n^k(r,t)Y_{n,m}^k(\theta), \qquad (0.38)$$

мұндағы, $\bar{u}_n^k(r,t)$ – анықталуы тиіс функциялар.

Сфералық функциялардың ортогональдық қасиеттерін қолданып 0.1 лемманы ескере отырып (0.34) шекаралық шарттарды келесі түрде жазамыз

$$t^q\left(\bar{u}_{nrr}^k+\frac{m-1}{r}\bar{u}_{nr}^k-\frac{\lambda_n}{r^2}\bar{u}_n^k\right)-\bar{u}_{nt}^k=0,\ k=\overline{1,k_n},\ n=0,1,\dots. \qquad (0.39)$$

$$\bar{u}_n^k(r,\alpha)=\bar{\varphi}_n^k(r),\quad \bar{u}_n^k(1,t)=\psi_{1n}^k(t),\quad k=\overline{1,k_n}, n=0,1,\dots. \qquad (0.40)$$

(0.39), (0.40) теңдіктеріне $\bar{\vartheta}_n^k(r,t)=\bar{u}_n^k(r,t)-\bar{\psi}_{1n}^k$ ауыстыруларын қолдансақ онда келесі теңдіктер алынады

$$t^q\left(\bar{\vartheta}_{nrr}^k+\frac{m-1}{r}\bar{\vartheta}_{nr}^k-\frac{\lambda_n}{r^2}\bar{\vartheta}_n^k\right)-\bar{\vartheta}_{nt}^k=\bar{f}_n^k(r,t), \qquad (0.41)$$

$$\bar{\vartheta}_n^t(r,\alpha)=\varphi_n^k(r),\bar{\vartheta}_n^k(1,t)=0,k=\overline{1,k_n},n=0,1,\dots. \qquad (0.42)$$

$$\bar{f}_n^k(r,t)=\psi_{1nt}^k+\frac{\lambda_n t^q}{r^2}\psi_n^k,\varphi_n^k(r)=\bar{\varphi}_n^k(r)-\psi_{1n}^k(\alpha).$$

Айнымалыны $\bar{\vartheta}_n^k(r,t)=r^{\frac{(1-m)}{2}}\vartheta_n^k(r,t)$ ауыстыра отырып, (0.41), (0.42) есептерін келесі есепке келтіреміз

$$L\vartheta_n^k\equiv t^q\left(\vartheta_{nrr}^k+\frac{\bar{\lambda}_n}{r^2}\vartheta_n^k\right)-v_{nt}^k=f_n^k(r,t). \qquad (0.43)$$

$$\vartheta_n^k(r,\alpha)=\tilde{\varphi}_n^k(r),\vartheta_n^k(1,t)=0. \qquad (0.44)$$

(2.11), (2.12) есептерінің шешімін келесі түрінде іздейміз

$$\vartheta_n^k(r,t)=\vartheta_{1n}^k(r,t)+\vartheta_{2n}^k(r,t), \qquad (0.45)$$

$$L\vartheta_{1n}^k=f_n^k(r,t). \qquad (0.46)$$

$$\vartheta_{1n}^k(r,\alpha)=0,\vartheta_{1n}^k(1,t)=0, \qquad (0.47)$$

Жоғарыда аталған есептердің шешімін келесі түрде қарастырамыз

$$\vartheta_n^k(r,t)=\sum_{s=1}^{\infty}R_s(r)T_s(t), \qquad (0.48)$$

мұнда келесідей болсын

$$f_n^k(r,t)=\sum_{s=1}^{\infty} a_{s,n}(t)R_s(r),\ \tilde{\varphi}_n^k(r)=\sum_{s=1}^{\infty} b_{s,n}R_s(r). \qquad (0.49)$$

(0.48)-ді (0.46) және (0.47)-ні (0.49)-ды ескере отырып онда есептің шектелген шешімі келесідей түрде болады

$$R_s(r)=\sqrt{r}J_\nu(\mu_{s,n}r), \qquad (0.50)$$

$$r^{-\frac{1}{2}}f_n^k(r,t)=\sum_{s=1}^{\infty} a_{s,n}(t)J_\nu(\mu_{s,n}r),\ r^{-\frac{1}{2}}\tilde{\varphi}_n^k(r)=\sum_{s=1}^{\infty} b_{s,n}J_\nu(\mu_{s,n}r), \qquad (0.51)$$

$$a_{s,n}(t)=2\left[J_{\nu+1}(\mu_{s,n})\right]^{-2}\int_0^1 \sqrt{\xi}f_n^k(\xi,t)J_\nu(\mu_{s,n}\xi)d\xi\,,$$

$$b_{s,n}=2\left[J_{\nu+1}(\mu_{s,n})\right]^{-2}\int_0^1 \sqrt{\xi}\,\tilde{\varphi}_n^k(\xi)J_\nu(\mu_{s,n}\xi)d\xi.$$

Фуреье-Бессель қатарларына жіктелуі болып табылады, өсу реті бойынша орналасқан Бессель функциясының оң таңбалы нөлдері

Демек, (0.45)-тен Ω_α облысында (0.36), (0.34) есебінің жалғыз шешімі келесі функция екендігі шығады

$$u(r,\theta,t)=\sum_{n=0}^{\infty}\sum_{k=1}^{k_n}\left\{\psi_{1n}^k(t)+r^{\frac{(1-m)}{2}}\left[\vartheta_{1n}^k(r,t)+\vartheta_{2n}^k(r,t)\right]\right\}Y_{n,m}^k(\theta), \qquad (0.52)$$

ассимптоталық формулалар мен бағалауларды сондай-ақ леммалар мен берілген $\psi_1(t,\theta),\varphi(r,\theta)$ функциялары үшін қойылған шектеулерді ескере отырып, алынған (0.52) шешімі $C(\bar{\Omega}_\alpha)\cap C^1(\Omega_\alpha\cup S)\cap C^2(\Omega_\alpha)$ классына жататыны дәлелденеді.

$t\to+0$ кезінде

$$u(r,\theta,0)=\tau(r,\theta)=\sum_{n=0}^{\infty}\sum_{k=1}^{k_n}\tau_n^k(r)\,Y_{n,m}^k(\theta), \qquad (0.53)$$

Осылайша, Ω_β облысында шектік шарттарды ескере отырып, келесі өзгешеленген көпөлшемді эллиптикалық теңдеуге аралас есепке келеміз:

$$|t|^p \Delta_x u + u_{tt} = 0 \quad (0.54)$$

$$u\Big|_S = \tau(r,\theta), \quad u_t\Big|_S = \nu(r,\theta), u\Big|_{\Gamma_\beta} = \psi_2(t,\theta) \quad (0.55)$$

(0.54), (0,55) есебінің жалғыз шешімі бар екеніні дәлелденген (0.1 теоремада)

Теорема 0.3. Егер (0.36), (0.35) шекаралық шарттарындағы берілген функциялар леммалар және жинақталу шарттарын қанағаттандырса, онда (0.37) теңдеуі үшін қойылған 0.2.1 аралас есептің Ω_α облысында жататын жалғыз шешімі бар болады.

Бұл шешім (0.38) түріндегі жіктелу арқылы анықталады және Фурье–Бессель қатарлары (0.52) бойынша өрнектеледі, олар және олардың туындылары абсолютті және бірқалыпты жинақталады. Сондықтан, қойылған аралас есеп қисынды болып табылады.

2.3 – бөлімшеде аралас есеп шешімінің бар болуы және жалғыздығы дәлелденеді.

$\Omega_{\alpha\beta}$ облысында (0.33) теңдеулерді және олар үшін аралас есеп ретінде 0.2-есепті қарастырып, оның шешімі бар екендігін көрсетелік.

Теорема 0.4. Егер $\varphi(r,\theta) \in W_2^p(S), \psi_1(t,\theta) \in W_2^p(\Gamma_\alpha), \psi_2(t,\theta) \in W_2^p(\Gamma_\beta)$, $p > \frac{3m}{2}$, онда 0.2 есептің бірмәнді шешімі бар.

Алдымен, Ω_α облысында (0.33), (0.34) есебінің шешімі бар болатындығын көрсетіліп сфералық координаталарда (0.33) теңдеуі $(0.0.1_1)$ түрде болады.

Ω_α облысында 0.2-есептің ізделінді шешімін келесі түрде іздейміз

$$u(r,\theta,t) = \sum_{n=0}^{\infty}\sum_{k=1}^{k_n} \bar{u}_n^k(r,t) Y_{n,m}^k(\theta), \quad (0.56)$$

(0.56)-ны (2.1_1)-ға қойып, алынған өрнекті бірлік сфера H бойынша интегралдасақ, $\bar{u}_n^k$ үшін келесі өрнекті аламыз және дифференциалдық теңдеулердің шексіз жүйесін қарастырамыз

$$t^q \rho_0^1 \bar{u}_{0rr}^1 - \rho_0^1 \bar{u}_{0t}^1 + \left(\frac{m-1}{r} t^q \rho_0^1 + \sum_{i=1}^{m} d_{i0}^1\right) \bar{u}_{0r}^1 + \tilde{e}_0^1 \bar{u}_0^1 +$$

$$+\sum_{n=1}^{\infty}\sum_{k=1}^{k_n}\Bigg\{ t^q \rho_n^k \bar{u}_{nrr}^k - \rho_n^k \bar{u}_{nt}^k + \left(\frac{m-1}{r} t^q \rho_n^k + \sum_{i=1}^{m} d_{in}^k\right) \bar{u}_{nr}^k + \quad (0.57)$$

$$+\left[\tilde{e}_n^k-\lambda_n\frac{\rho_n^k}{r^2}t^q+\sum_{i=1}^{m}\left(\tilde{d}_{in-1}^k-nd_{in}^k\right)\right]\Bigg\}\bar{u}_n^k=0.$$

$$t^q\rho_0^1\bar{u}_{0rr}^1-\rho_0^1\bar{u}_{0t}^1+\frac{(m-1)}{r}t^q\rho_0^1\bar{u}_{0r}^1=0, \tag{0.58}$$

$$t^q\rho_1^k\bar{u}_{1rr}^1-\rho_1^k\bar{u}_{1t}^k+\frac{(m-1)}{r}t^q\rho_1^k\bar{u}_{1r}^1-\frac{\lambda_1}{r^2}t^q\rho_1^k\bar{u}_1^k=$$
$$=-\frac{1}{k_1}\left(\sum_{i=1}^{m}d_{i0}^1\bar{u}_{0r}^1+\tilde{e}_0^1\bar{u}_0^1\right),n=1,k=\overline{1,k_1} \tag{0.59}$$

$$t^q\rho_n^k\bar{u}_{nrr}^k-\rho_n^k\bar{u}_{nt}^k+\frac{(m-1)}{r}t^q\rho_n^k\bar{u}_{nr}^1-\frac{\lambda_n}{r^2}t^q\rho_n^k\bar{u}_n^k$$

$$=\frac{1}{k_n}\sum_{k=1}^{k_{n-1}}\left\{\sum_{i=1}^{m}d_{in-1}^k\bar{u}_{n-1r}^k+\left[\tilde{e}_{n-1r}^k+\sum_{i=1}^{m}\left(\tilde{d}_{in-2}^k-(n-1)d_{in-1}^k\right)\right]\bar{u}_{n-1}^k\right\}, \tag{0.60}$$

$$k=\overline{1,k_n},n=2,3,\dots.$$

Енді теңдеуді (0.59) 1-ден k_1-ге дейін, (0,60) теңдеуді 1-ден k_n-ге дейін қосып, алынған өрнекті (0.58) теңдеумен қоссақ, (0.57) теңдеуіне келеміз.

Бұдан мынандай қорытынды шығады егер $\{\bar{u}_n^k\}, k=\overline{1,k_n}, n=0,1,\dots$ – жүйесі (0.58)–(0.60) жүйесінің шешімі болса, онда ол (0.57) теңдеудің де шешімі болады.

(0.58)–(0.60) жүйелеріндегі әрбір теңдеуді келесі түрде жазуға болады,

$$t^q\left(\bar{u}_{nrr}^k+\frac{m-1}{r}\bar{u}_{nr}^k-\frac{\lambda_n}{r^2}\bar{u}_n^k\right)-\bar{u}_{nt}^k=\bar{f}_n^k(r,t), \tag{0.61}$$

мұндағы$\bar{f}_n^k(r,t)$ – осы жүйенің алдыңғы теңдеулерінен алынған функциялар, және $\bar{f}_0^1(r,t)\equiv 0$

Әрі қарай, (0.34) шекаралық шартты және (0.56)-ні ескерсек, (0.40) аламыз

(0.61), (0.40) теңдеулерінде $\bar{\vartheta}_n^k(r,t)=\bar{u}_n^k(r,t)-\psi_{1n}^k(t))$ айнымалыларын ауыстыра отырып, (0.41), (0.42) аламыз

$\bar{\vartheta}_n^k(r,t)=r^{\frac{(1-m)}{2}}\vartheta_n^k(r,t)$ айнымалыларын ауыстыра отырып, (0.41), (0.42) есептерін (0.41), (0.42) келесі (0.43)т-тен айырмашылығы $\tilde{f}_n^k$-да (0.44) есепке келтіреміз тек

$$L\vartheta_n^k \equiv t^q\left(\vartheta_{nrr}^k + \frac{\overline{\lambda}_n}{r^2}\vartheta_n^k\right) - \vartheta_{nt}^k = \tilde{f}_n^k(r,t), \qquad (0.62)$$

(0,62), (0.45) есебінің шешімін келесі түрде іздейміз

$$L\vartheta_{1n}^k = \tilde{f}_n^k(r,t), \qquad (0.63)$$

$$\vartheta_{1n}^k(r,\alpha) = 0, \qquad \vartheta_{1n}^k(1,t) = 0, \qquad (0.47)$$

$$L\vartheta_{2n}^k = 0,$$

$$\vartheta_{2n}^k(r,\alpha) = \widetilde{\varphi}_n^k(r), \qquad \vartheta_{2n}^k(1,t) = 0.$$

